

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының) құрамына кіретін Қарағанды облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамдарында (ұлттық құрама командаларының) қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемінің мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 84/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 қаңтарда № 4555 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 41/03 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 03.07.2020 № 41/03 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы", 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" заңдарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының) құрамына кіретін Қарағанды облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамдарында (ұлттық құрама командаларының) қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемінің мөлшері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 39/01 "Қарағанды облысының жетекші спортшыларына ай сайын ақшалай үлес төлеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3874 болып тіркелген, "Индустриальная Караганда" газетінде 2016 жылғы 9 шілдедегі № 88-89 (22033-22034) сандарында, "Орталық Қазақстан"

газетінде 2016 жылғы 9 шілдедегі №108-109 (22214) сандарында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 шілдеде жарияланған) күшін жойылды деп танылсын.

3. "Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Қошанов

Қарағанды облысы әкімінің
2017 жылғы "26" желтоқсандағы
№ 84/03
қаулысына қосымша

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының) құрамына кіретін Қарағанды облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамдарында (ұлттық құрама командаларының) қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтық төлемінің мөлшері

№	Жарыстардың атаулары	Орыны	Спортшылардың сомасы	Жаттықтырушылары және клубтық командалардың жетекшілерінің сомасы
1	Олимпиядалық, Паралимпиядалық (жазғы, қысқы)	1	400 000 теңге	100 000 теңге
		2	350 000 теңге	80 000 теңге
		3	300 000 теңге	60 000 теңге
2	Сурдлимпиядалық ойындар (жазғы, қысқы)	1	200 000 теңге	50 000 теңге
		2	175 000 теңге	40 000 теңге
		3	150 000 теңге	30 000 теңге
3	Азия, Паралимпиядалық Азия ойындары (жазғы, қысқы)	1	200 000 теңге	50 000 теңге
		2	175 000 теңге	40 000 теңге
		3	150 000 теңге	30 000 теңге
	Әлем Чемпионаты (ересектер арасында): олимпиадалық, паралимпиядалық, сурдлимпиядалық, ұлттық спорт түрлері бойынша	1	300 000 теңге	60 000 теңге
		2	250 000 теңге	50 000 теңге
		3	200 000 теңге	40 000 теңге

4	спорттың олимпиадалық емес түрлері бойынша	1	100 000 теңге	40 000 теңге
		2	80 000 теңге	30 000 теңге
		3	60 000 теңге	20 000 теңге
5	Әлем Кубогы (ересектер арасында): олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиядалық, ұлттық спорт түрлері бойынша (Әлем Кубогы кезеңдерінен басқа)	1	200 000 теңге	40 000 теңге
		2	175 000 теңге	30 000 теңге
		3	150 000 теңге	20 000 теңге
6	Бүкіләлемдік Универсиада (жазғы, қысқы)	1	200 000 теңге	40 000 теңге
		2	175 000 теңге	30 000 теңге
		3	150 000 теңге	20 000 теңге
7	Жасөспірімдердің Олимпиадалық ойындары (жазғы, қысқы)	1	200 000 теңге	40 000 теңге
		2	175 000 теңге	30 000 теңге
		3	150 000 теңге	20 000 теңге
8	Азия Чемпионаты (ересектер арасында): олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиядалық, ұлттық спорт түрлері бойынша	1	200 000 теңге	40 000 теңге
		2	175 000 теңге	30 000 теңге
		3	150 000 теңге	20 000 теңге
9	Әлем Чемпионаты (жастар, жеткіншектер, жасөспірімдер): олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиядалық, ұлттық спорт түрлері бойынша	1	200 000 теңге	40 000 теңге
		2	175 000 теңге	30 000 теңге
		3	150 000 теңге	20 000 теңге
10	Жасөспірімдердің Азия ойындары (жазғы, қысқы)	1	100 000 теңге	30 000 теңге
		2	80 000 теңге	20 000 теңге
		3	60 000 теңге	10 000 теңге
11	Қазақстан Республикасының Спартакиадасы, Қазақстан Республикасының Чемпионаттары (жазғы, қысқы) олимпиядалық спорт түрлері бойынша (ересектер)	1	70 000 теңге	10 000 теңге
		2	60 000 теңге	10 000 теңге
		3	50 000 теңге	10 000 теңге
12	Қазақстан Республикасының Жастар спорт ойындары, Қазақстан Республикасының Чемпионаттары (жазғы, қысқы) олимпиядалық түрлері бойынша (жастар, жеткіншектер, жасөспірімдер)	1	50 000 теңге	10 000 теңге
		2	40 000 теңге	10 000 теңге
		3	30 000 теңге	10 000 теңге